

ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕНІ МЕНҒЕРТУ – САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА



АЛМАТЫ, 2024

**ӘОЖ 371.214
КБЖ 74.202**

Пікір жазған:

**Қуандық А.Қ. – «Өрлеу» БАҰО ББЖҚБАРИ «Инновациялық
білім беру және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға
оқытушысы, тренер**

**Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі: авторлық бағдарлама
// Құраст.: Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз
Когабаевна. - Алматы: «Тайлан», 2024.**

ISBN

Авторлық бағдарламада оқушылардың қазақ тілі пәнінен алған білімдерін жетілдіріп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін меңгерту көзделген. Авторлық бағдарлама талапқа сай әзірленген.

**ӘОЖ 371.214
КБЖ 74.202**

Әдістемелік нұсқаулық «Көкжиек» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы Ғылыми кеңесінің шешімімен басуға ұсынылды
№04 хаттама сәуір 2024 ж.

© Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна., 2024

**Түркістан облысы Түлкібас ауылы Көктерек ауылы
Көктерек шағын жинақты бастауыш мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі Паримбетова Акмарал Сапарбековна мен
Түркістан облысы Түлкібас ауданы Нұрлыбай Қасымбеков атындағы
шағын жинақты бастауыш мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Аймағанбетова Қаракөз Қогабаевнаның «Дыбыстық жүйені меңгерту -
сауаттылық кепілі» атты авторлық бағдарламасына**

ШКІР

Автордың «Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі» атты авторлық бағдарламасы 4-сынып оқушыларының қазақ тілінің фонетика саласы бойынша алған білімдерін жетілдіруге арналған.

Бастауыш сыныпта қазақ тілінің теориялық негізін білуі олардың оқу және жазу сауаттылықтарын арттыра түседі. Бастауыш мектепте балалардың дыбыс түрлерін, олардың әрқайсысының қызметін, қасиетін меңгеріп, оларды дұрыс айту мен жазуға дағдыландыру оқушылардың жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді, басқа да пәндердің мазмұнын жеңіл меңгеруіне себепкер болады. Тілдік дағдылары дамып, дыбыстық мәдениетті меңгерген оқушылардың көшбасшылық қасиеттері де басым болатындығын көріп жүрміз.

Бағдарлама аясында оқушылар қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, дыбыстар классификациясын, оларды түрге жіктеудің қағидаттарын, дыбыс түрлерін білудің маңыздылығын, фонетика саласында қарастырылатын үндестік заңы, оның маңызы екпін, тасымал сияқты оқу және жазу сауаттылықтарын арттыратын басты тақырыптарды меңгеретін болады.

Бағдарламаның түсінік хатында тақырып өзектілігі, мақсат-міндеттері, күтілетін нәтижелері баяндалған.

Бағдарламаның тақырыбы өзекті, талапқа сай әзірленген.

**«Өрлеу» БАҰО ББЖҚБАРИ
«Инновациялық білім беру
және ақпараттық технологиялар»
кафедрасының аға оқытушысы,
тренер, ф.ғ.м.**

Қуандық А.Қ.

ТҮСІНІК ХАТ

Бағдарлама бағыты: қоғамдық-гуманитарлық бағыт.

Бағдарлама тақырыбының өзектілігі: Қай кезеңде болсын, адамның сауаттылығы оның өмірден өз орнын табуға ықпал етеді, көшбасшылық қасиетін қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болуына үлес қосады. Сондықтан, білім баспалдағы болып саналатын бастауыш сыныптан бастап, балалардың қазақ тілінен алған білімдерін жүйелеп, олардың тілдік дағдыларын қалыптастыру аса маңызды болып саналады. Бұл курста тіл білімінің фонетика саласы ғана нысанға алынғандықтан, бағдарлама аясындағы тақырыптар оқушылардың тіл дыбыстары және оған қатысты мәселелерді толық меңгеріп шығуларына мұрындық болады. Оқушылар ауызекі сөйлеу мен жазбаша сөйлеу нормаларын меңгереді. Бұл біздің тарапымыздан әзірленген «Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі» деп аталатын авторлық бағдарлама тақырыбының өзекті екендігін көрсетеді.

Бағдарламаның мақсаты: 34 сағатқа арналған Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепіліатты авторлық бағдарламаның күнтізбелік жоспарында қамтылған тақырыптарды теориялық-практикалық тұрғыда игерту арқылы оқушыларға тіл дыбыстары, оларға тән сипаттамалар, тіл дыбыстарының классификациялану қағидаттары, оны меңгерудің маңызы, тіл дыбыстарының қызметі, үндестік заңы, буын, екпін, тасымал тәрізді фонетика саласында қарастырылатын басты тақырыптарды меңгерту, соның нәтижесінде оқушылардың дыбыстық мәдениетін жетілдіру, оқу және жазу сауаттылықтарын арттыру, ауызекі және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту, тілдік нормаларды меңгерту, тұлғалық дамуын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- оқушылардың тіл дыбыстары туралы түсініктерін кеңейту;
- тіл дыбыстарының классификациялану қағидаттарымен таныстыру;
- дауысты және дауыссыз дыбыстардың тілдегі атқаратын қызметтерімен таныстыру;
- үндестік заңын меңгерту, оның тіл дыбыстарының түріне байланысын түсіндіру;
- дұрыс тасымал жасау жолдарын меңгерту;
- қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін күнтізбелік жоспардағы тақырып төңірегінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай теориялық білім беру, фонетикалық, талдау жасау дағдыларын дамыту.
- оқушылардың оқу және жазу сауаттылықтарын арттыру.

Бағдарламаның ерекшелігі: Оқушылардың қазақ тілінен сауатты білім алуы оның басқа пәндерді де жақсы меңгеруіне негіз, бастапқы іргетас бола алатындығы ақиқат. Себебі, дұрыс сөйлеп, сауатты жаза алмайтын адамның ғылымның басқа салаларын меңгеруіне қиындықтар туатындығы, тіпті қанша жерден игерген күнде оның сауатсыздығы көзге ұрып тұрары анық. Оның үстіне қазіргі таңда мектеп оқулықтарында қазақ тілінің грамматикасын

меңгертуге көп көңіл бөлінбей, көбіне оқушылардың оқу сауаттылықтарын арттыру мақсатында оқылым мәтінімен жұмыс тапсырмалары орындалатындығы белгілі. Біздің тарапымыздан құрастырылған Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепіліатты бағдарлама оқушылардың тілдің дыбыстық жүйесін еркін меңгертуді көздейді.

Күтілетін нәтиже: Курс барысында жүргізілетін жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың дыбыстық мәдениеттері жетіледі, тіл дыбыстарының сөйлемдегі қызметін түсіне отырып, әр дыбысты анық айтуға дағдыланады. Оқу және жазу сауаттылықтары артып, ауызекі және жазбаша сөйлеу дағдылары дамиды, қазақ тілінің тілдік нормасын меңгереді. Фонетика саласына қатысты өздерінің жас ерекшеліктеріне сай біршама толыққанды білім алады. Пунктуациялық, орфографиялық нормаларды сақтап, қатесіз, сауатты жазуға дағдыланады.

Оқушылар білуі керек:

- курсқа қызығушылық таныту;
- сабақта белсенділік таныту;
- сынып ішінде өзін ұстай білу;
- берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындау;

Оқушылар игеруі керек:

- қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін;
- үндестік заңын;
- дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді т.б.

Оқушының күзіреттілігіне тән талаптар:

- әр түрлі жазба жұмыстарын жазу барысында сауатты әрі көркем жазу дағдысы дамиды;
- курс барысында үйренген дағдыларын басқа пәндердегі тапсырмаларды орындау барысында қолданады;

Пәнаралық байланыс: авторлық бағдарлама қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану, дүниетану пәндерімен өте тығыз байланысты. Сабақ барысындағы күнделікті өтетін тақырыптарды ауқымды, кең көлемде ашу мақсатында әдебиеттік оқу, жазбаша сөйлеу дағдысын дамытуда қазақ тілі пәнінің маңызы зор.

Жүргізу формасы: танымдық сабақ, аралас сабақ, жарыс, дәстүрлі.

Аптасына 1 сағат. Жылына 34 сағат.

Бағдарлама «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету туралы ереже» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы Заңына» (27.08.2022 ж. №382 бұйрығы) негізінде әзірленді.

ТҰРАҚТЫЛАУ БӨЛІМІ

- **Фонетика ғылымы туралы түсінік. 1 сағат.** Фонетика ғылымының зерттеу объектісімен таныстырып, оның тіл білімінің лексика, морфология, синтаксис тәрізді салаларымен ұқсастығын және ерекшелігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көрсету. Оқушылардың фонетика саласына байланысты осы уақытқа дейінгі алған білімдерін қолданып, оны меңгерудің маңызын осы сабақта жан-жақты саралап көрсету.

- **Фонема, әріп, дыбыс ұғымдары. 1 сағат.** Тіл біліміндегі алфавит, фонема, әріп, дыбыс тәрізді терминдердің анықтамасымен таныстырып, оларды өзара ажырата білуге қалыптастыру. Оқушыларды әріп және дыбыс ұғымдарын ажыратуға жаттықтыру.

- **Дыбыстардың классификацияға бөлінуінің критерийлері. 1 сағат.** Кез келген тілде дыбыстардың дауысты және дауыссыз деген екі үлкен топқа бөлінетіндігін, олардың бұндай түрлерге бөлінуінің басты себептерін саралап көрсету. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзара айырмашылығын сөздер тобын мысалға ала отырып түсіндіру.

- **Дауысты дыбыстар жүйесі, олардың тілдегі қызметі. 1 сағат.** Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар туралы білімдерін еске түсіріп, дауыстылардың тілдегі атқаратын қызметін нақты мысалдар арқылы ашып көрсету. Оқушылардың дауысты дыбыстарға тән қасиеттерді мүлтіксіз айта білуіне мұрындық болу.

- **Жуан-жіңішке дауысты дыбыстар. 2 сағат.** Жуан және жіңішке дыбыстар қатарымен таныстырып, олардың көбіне жұп құрап (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) келетіндігін, жуан-жіңішке дауыстылардың жасалу жолдарын, дыбысталу ерекшелігін таныстыру.

- **Еріндік-езулік дауысты дыбыстар. 2 сағат.** Еріндік-езулік дыбыстарды ажырата білудің тәсілімен таныстыру (езулік дыбысты айтқанда езудің артқа қарай жиырылуы: а, ә, ы, і, е, и...), (еріндік дауысты дыбысты айтқанда еріннің сүйірленіп алға қарай жылжитындығы: о, ө, ұ, ү, у...). Еріндік-езулік дыбыстарды білудің маңызын түсіндіру, сөйлеу барысында дыбыстарды анық айтуға қалыптастыру. Еріндік және езулік дыбыстарды топқа бөліп, оларды хормен айту арқылы алған мәліметтің оқушы жадында ұзақ сақталуына ықпал ету.

- **Ашық-қысаң дауысты дыбыстар. 2 сағат.** Тілдегі ашық және қысаң дауысты дыбыстардың жасалу жолын түсіндіру, олардың айырмашылықтарын дыбыстарды жұптап айту арқылы меңгерту. Ашық-қысаң дауысты дыбыстарды меңгертуге арналған жаттығу жұмыстарын жазғызу.

- **Дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттер. 2 сағат.** Дауыссыз дыбыстардың тілдегі атқаратын қызметімен таныстыру, ждауыссыз

дыбыстарға тән қасиеттерді көрсету. Дауыссыз дыбыстарды жатқа білуге қалыптастыру.

• **Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар. 2 сағат.** Дауыссыз дыбыстардың өз ішінде қатаң, ұяң, үнді тәрізді ішкі түрлерге бөлінуінің себебін түсіндіру. Дауыссыз дыбыстардың бұл аталған түрлерін жылдам жаттап алудың сырымен бөлісу. Мәселен:

✓ Қатаң дауыссыздар біркелкі шұғыл айтылады: к, қ, һ, х, с, ц, ш, щ, ч, п, ф, т...

✓ Ұяң дауыссыздар алфавитте қатарынан орналасқан: б, в, г, ғ, д, ж, з...

✓ Үнді дауыссыздар: л, м, н, ң, р, й... – бұларда салдырдан қарағанда үн басым болып келеді.

• **Дифтонгтер. 1 сағат.** Тілде өз алдына жеке әріп болғанымен, бұрыннан тілде бар екі дыбыстың қосындысы ретінде қолданылатын дифтонгтермен таныстыру (ю, я, ё...), оларды дұрыс айтып, сауатты жазуға жаттықтыру. Дифтонгтер қолданылатын сөздерді дұрыс жазып, оларға қосымшаның тиісті нұсқасын жалғай білуге қалыптастыру.

• **У дыбысының өзіне тән ерекшелігі. 1 сағат.** Қазақ тіліндегі У дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз, енді бірде жуан дауысты, ал кейде жіңішке дауысты дыбыс болып әмбебап қызмет атқаратындығын мысал арқылы түсіндіру. Мысалы:

✓ Тау, бау, дау – дауыссыз;

✓ Су, бу – дауысты;

✓ Бару – у жуан дауысты;

✓ Келу – у жіңішке дауысты.

У дыбысының түбір сөздегі қызметіне қарай қосымшаларды дұрыс жалғауға жаттықтыру.

• **Акустика және сөйлеу мүшелері. 1 сағат.** Тіл дыбыстарының түрлерімен таныстырғаннан кейін, әр дыбыстың айтылу ерекшелігін еске түсіре отырып, оқушылардың дыбыстарды айтудағы сөйлеу мүшелерінің қатысын еркін анықтай білуіне жол ашу. Әр дыбыстың акустикалық-артикуляциялық тұрғыдан дұрыс дыбысталуына көңіл бөліп, тіл тазалығына баулу, дыбыстық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету.

• **Ауызша дыбыстық-әріптік талдау. 1 сағат.** Оқушыларға ауызша дыбыстық-әріптік талдау жасату арқылы сауаттылықтарын арттыру.

• **Жазбаша дыбыстық-әріптік талдау. 1 сағат.** Оқушыларға жазбаша дыбыстық-әріптік талдау жасату арқылы сауаттылықтарын арттыру.

• **Буын. Буынға бөлу. Буындардың жуан-жіңішкелігі. Буынның түрлері. 2 сағат.** Дыбыс сөз құрамындағы ең кіші тілдік материал болса, осы дыбыстардың тіркесуі арқылы буындардың түзілетіндігі туралы түсініктерін кеңейтіп, буын түрлерін білудің маңызын меңгерту. Сөздерді буынға бөлу, буынның түрлерін анықтау, жуан немесе жіңішке буынды сөздерге қосымша

жалғау тапсырмаларын орындату арқылы оқушылардың фонетика саласы бойынша білімдерін жетілдіру.

- **Үндестік заңы. 2 сағат.** Қаақ тіліндегі ең басты заңдылық үндестік заңы екендігін нақты мысалдар арқылы түсіндіру, қазақ тіліндегі сөздердің бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келуінің сыры оның үндестік заңына бағынғандығының көрінісі екендігін нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету.

- **Буын үндестігі, дыбыс үндестігі. 2 сағат.** Оқушылардың буын үндестігі мен дыбыс үндестігі бойынша теориялық білім алып, оны практика барысында қолдана білуге жаттықтыру.

- **Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар. 1 сағат.** Қазақ тіліндегі үндестік заңы бұзылатын сөздер мен оған бағынбайтын қосымшалармен таныстыру, олардың үндестік заңына бағынбау себебін түсіндіру. Бұндай өзге тілден енген кірме сөздерге қосымшаны дұрыс жалғаудың сырын меңгерту.

- **Ықпал және оның түрлері. 2 сағат.** Ықпал туралы теориялық білім беріп, оқушыларды кейінді, ілгерінді, тоғыспалы ықпал түрлерін анықтай білуге жаттықтыру.

- **Екпіннің түрлері. 2 сағат.** Екпіннің ауызекі сөйлеудегі маңызымен таныстыру, оқушылардың қазақ тіліндегі сөздердің соңғы буынға түсетіндігі туралы түсініктерін арттырып, оларды сөйлеу барысында сөйлемдегі сөз екпінін, ой екпінін, тіркесті екпінді дұрыс түсіріп айта білуге қалыптастыру.

- **Тасымал. 2 сағат.** Сөздерді дұрыс тасымалдауға жаттықтыру арқылы оқушылардың жазбаша сауаттылықтарын арттыру.

- **Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер. Орфоэпия және орфография заңдылықтары. 2 сағат.** Оқушылардың дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлері, дифтонгтер, үндестік заңы, ықпал түрлері туралы алған білімдерін қолданудың нәтижесінде сөздерді дұрыс айтуға және сауатты жазуға қалыптастыру жаттығуларын жазғыз. Орфография мен орфоэпияның басты заңдылықтарын меңгерту.

- **Жылдық қорытынды сабақ. Фонетикалық талдау. 1 сағат.** Оқушылар «Мен курстан не үйрендім?» атты сараптамалық жұмысын жазады. Оқушылар өздеріне берілген сөздерге фонетикалық талдау жасайды.

НОРМАТИВТІ БӨЛІМ

«ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕНІ МЕНГЕРТУ - САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

күнтізбелік-тақырыптық жоспары:

№	Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Курсты меңгерудегі білім өнімі мен нәтижесі
			Барлығы	Теория	Практика	
1	Фонетика ғылымы туралы түсінік	Оқушылардың фонетика ғылымы туралы түсініктерін қалыптастыру	1	1		Тіл білімінің фонетика саласы туралы түсініктері кеңейеді.
2	Фонема, әріп, дыбыс ұғымдары	Алфавит, әріп, дыбыс, фонема терминдерімен таныстыру.	1	1		Әріп, дыбыс, фонема бойынша алған білімдерін өмірде қолдана алады.
3	Дыбыстардың классификацияға бөлінуінің критерийлері	Тіл дыбыстарының басты түрлері туралы теориялық білім беріп, оның мәнісін түсіндіру.	1	1		Тіл білімінің фонетика саласы туралы түсініктері кеңейеді.
4	Дауысты дыбыстар жүйесі, олардың тілдегі қызметі	Дауысты дыбыстар, олардың тілдегі қызметімен таныстыру	1	1		Дауысты дыбыстарды жатқа айтады және жазады. Дауысты дыбыстардың тілдегі қызметін нақты санамалап көрсетеді.
5	Жуан-жіңішке дауысты дыбыстар	Жуан-жіңішке дауысты дыбыстарды меңгерту, олардың ерекшеліктерін,	2	1	1	Жуан-жіңішке дауысты дыбыстарды жатқа айтады және жазады. Олардың жасалу

		тілдегі қызметін меңгерту.				жолдарын түсіндіреді. Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
6	Еріндік-езулік дауысты дыбыстар	Еріндік-езулік дауысты дыбыстарды меңгерту, олардың ерекшеліктерін, тілдегі қызметін меңгерту.	2	1	1	Еріндік-езулік дауысты дыбыстарды жатқа айтады және жазады. Олардың жасалу жолдарын түсіндіреді. Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
7	Ашық-қысаң дауысты дыбыстар	Ашық-қысаң дауысты дыбыстарды меңгерту, олардың ерекшеліктерін, тілдегі қызметін меңгерту.	2	1	1	Ашық-қысаң дауысты дыбыстарды жатқа айтады және жазады. Олардың жасалу жолдарын түсіндіреді. Алған білімдерін өмірде қолдана алады.
8	Дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттер	Дауыссыз дыбыстардың басты сипаттарымен таныстыру	2	1	1	Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін, тілде атқаратын қызметін біледі.
9	Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар	Қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды ажырата білуге қалыптастыру	2	1	1	Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата алады, олардың ерекшелігін біледі
10	Дифтонгтер	Дифтонгтер туралы түсініктерін қалыптастыру	1		1	Дифтонг дыбыстардың ерекшелігін біледі.
11	У дыбысының өзіне тән ерекшелігі	У дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз, бірде жуан, бірде жіңішке болып	1		1	У дыбысының тілде қолданылу жағдаяттарын меңгеріп, дыбыстық талдау

		қолданылуының мәнісін түсіндіру				жасау кезінде оны анықтай алады.
12	Акустика және сөйлеу мүшелері	Дыбыстың акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктерін меңгерту, сөйлеу мүшелерінің қызметімен таныстыру	1	1		Сөйлеу мүшелерінің қызметін түсініп, әр дыбыстың акустикалық және артикуляциялық тұрғыдан дұрыс дыбысталуын қадағалайды
13	Ауызша дыбыстық-әріптік талдау	Ауызша дыбыстық-әріптік талдау жасауға қалыптастыру	1		1	Ауызша дыбыстық-әріптік талдауды талапқа сай орындайды
14	Жазбаша дыбыстық-әріптік талдау	Ауызша дыбыстық-әріптік талдау жасауға қалыптастыру	1		1	Ауызша дыбыстық-әріптік талдауды талапқа сай орындайды
15	Буын. Буынға бөлу. Буындардың жуан-жіңішкелігі, буын түрлері	Буынға бөлуге қалыптастыру, буын туралы түсініктерін арттыру, буынның түрлерін меңгерту	2	1	1	Дыбыстан буын құрайды, буын түрлері жайлы алған білімдерін тапсырманы орындау кезінде қолдана алады.
16	Үндестік заңы	Үндестік заңының қазақ тіліндегі алатын орнын нақты мысалдар арқылы түсіндіру	2	1	1	Үндестік заңы қазақ тіліндегі басты заңдылықтардың бірі екендігін түсініп, алған білімдерін өмірде қолдана біледі.
17	Буын үндестігі, дыбыс үндестігі	Буын үндестігі мен дыбыс үндестігінің ерекшелігін түсіндіріп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге жаттықтыру	2	1	1	Дыбыс үндестігі мен буын үндестігіне байланысты берілген тапсырмаларды орындайды
18	Үндестік заңына бағынбайтын	Үндестік аңы сақталмайтын	1		1	Үндестік заңына бағынбай тұрған

	сөздер мен қосымшалар	жағдаяттармен таныстырып, бұндай жағдайда қосымшаның қалай жалғанатындығы туралы тілдік білімдерін қалыптастыру				сөздер мен қосымшаларды біледі, оларға дұрыс қосымша жалғап, түрлендіре алады.
19	Ықпал және оның түрлері	Ықпалдың тілдегі атқаратын қызметін түсіндіріп, оның түрлерін меңгерту	2	1	1	Ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал түрлерін меңгеріп, оған байланысты берілген жаттығу жұмыстарын орындайды
20	Екпіннің түрлері	Қазақ тіліндегі екпіннің тұрақты екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру, сөз екпіні мен ой екпінін, тіркесті екпінді дұрыс түсіріп айта білуге жаттықтыру	2	1	1	Екпіннің маңызын, оның түрлері теориялық тұрғыда игеріп, тапсырмаларды орындауда алған білімдерін дұрыс қолдана біледі.
21	Тасымал	Тасымалдың қажеттілігін, дұрыс тасымалдаудың жолдарын меңгерту	1		1	Қатесіз тасымалдауды меңгереді
22	Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер. Орфоэпия және орфография заңдылықтары.	Орфоэпиялық және орфографиялық заңдылықтарды меңгерту	2	1	1	Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді біліп, талапқа сай оқу мен жазу жолдарын меңгереді.
23	Жылдық қорытынды сабақ	Оқушылардың жыл бойы алған	1		1	«Қурстан не үйрендім?» атты

	Фонетикалық талдау	білімдерін қорытындылау.				сараптамалық жұмыс жазады. Фонетикалық талдау жасайды
	Барлығы		34	14	20	

АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ

- Авторлық бағдарлама аясында қамтылған тақырыптар білім беру стандартына сай игеруге тиісті мазмұнды қамтиды;
- Авторлық бағдарлама мазмұнындағы тақырыптарды игеруде оқу барысында қолданылатын жаңартылған білім берудің әдіс-тәсілдері тақырыпты толық меңгеруге ықпал етеді;
- Орындалатын әрбір тапсырма оқушылардың қазақ тілі пәні бойынша алған білімдерін жетілдіріп, тілдің дыбыстық жүйесін меңгеруге жәрдемдеседі;
- Оқушылардың тапсырмаларды орындауы қалыптастырушы бағалау арқылы бағаланады;
- Бағдарлама мазмұны толықтай алғанда оқушылардың оқу сауаттылықтары мен жазбаша сауаттылықтарының артуына септігін тигізеді.

Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілітақырыбындағы авторлық бағдарлама түсінік хатта көрсетілген мақсат, міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты құрайды.

Бағдарлама негізінде барлық тапсырмалар оқушының оқу және жазу сауаттылығын арттыруға, дыбыстық мәдениетінің жетілуіне бағытталады.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер оқушылардың қосымша ізденістері, оқу мен жазуда орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтай білуі, оқылым, жазылым тапсырмаларын қатесіз орындауы тәрізді кешенді іс-әрекеттер нәтижесінде анықталады.

Нақты нәтижеге жоспарланып, ұйымдастырылған сабақтар бағдарламада көздеген нысанаға қол жеткізуге жәрдемін тигізеді.

Оқушылардың өздерінің шығармашылық ізденісі, жеке тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауы, күнделікті тапсырмаларды орындауы, фонетикалық талдау жасай білуі алынған білімді тексеру түрі болып табылады. Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы берілген тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар М.Гершон ұсынған қалыптастырушы бағалау түрлері арқылы бағаланады. Деңгейлік тапсырмалар және жаттығу жұмыстары, түрлі шығармашылық тапсырмалар, тілдік талдаулар оқушылардың даму рейтингін бақылап, мониторинг жасауға көмектеседі.

Оқушылардың білімдерін бағалау:

- оқушылардың ақпаратты сараптау, білімді қабылдау сапасы, білімінің тереңдігі мен жан-жақтылығы, өз ойын еркін жеткізе білуі, ақпаратты өңдеу,

идея туындату және т.б. қабілеттерін ескеріп, арнайы бағалау критерийлері бойынша бағаланады.

➤ қалыптастырушы бағалау қойылады;
➤ өте жақсы орындалған жұмыс білім тексеру бағытында ұйымдастырылатын немесе білім өнімі ұсынылатын іс-шараларда көрсетіліп, нәтижелі, үздік жұмыс үлгісі ретінде таныстырылады.

БАҒДАРЛАМАНЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ:

Тілді оқытуда басым қолданылатын педагогикалық технологиялар:

1. ынтымақтастықта оқыту технологиясы;
2. жобалау технологиясы;
3. қашықтықтан оқыту технологиясы;
4. тандем әдісі;
5. оқытудың интенсивті әдісі;
6. ақпараттық-коммуникациялық технология;
7. аудиовизуалды технология т.б.

Оқыту технологиясының маңызды сипаттары:



а) сабақтың нәтижеге бағытталуы (оқушы жетістігінің жоғары көрсеткішті көрсетуі);

ә) үнемділік қағидатының сақталуы (көлемді сабақ материалын игертуге аз уақыт жұмсау);

б) эргономикалы (оқыту ынтымақтастық жағдайында өтеді, оқушыларды өздерінің жас ерекшеліктеріне сай артық жүктеме бермей, шаршатпай, жағымды көңіл күй ортасында оқыту).







Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 1-сабақ




Бөлім:				
Мұғалімнің аты-жөні:		Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна		
Күні:				
Сынып		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақ тақырыбы		Фонетика ғылымы туралы түсінік.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		Фонетика ғылымының зерттеу объектісімен таныстырып, оның тіл білімінің лексика, морфология, синтаксис тәрізді салаларымен ұқсастығын және ерекшелігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп көрсету.		
Сабақ мақсаты:		<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Фонетика саласы туралы түсінеді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Фонетика ғылымының зерттеу объектісімен танысады, дыбыстарға талдау жасай біледі.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Фонетика бойынша тұжырым жасайды.</p>		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
				
Сабақтың басы 5 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал «Жүректен жүрекке» <u>Алдыңғы білімді еске түсіру.</u>	Сәлемдеседі Оқушылар жүректен шыққан тілектерін бір-біріне жеткізеді.	Ауызша қолдау.	Жүрекше
Сабақтың ортасы 5 мин	Жаңа білім. Оқу мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:  1-тапсырма. «Ой қозғау» әдісі.  Тілдің дыбыстық жағын зерттейтін тіл білімінің саласы? Қалай ойлайсың, фонетиканы не үшін білуіміз керек? Әліпбиде көрсетілген таңбалар? Саралау: диалог арқылы қолдау 2-тапсырма. Ж. «Кестемен жұмыс». Дыбыстарды бөліп жазып, сызбаны толтырыңыз:	Сұрақтар бойынша топтық талқылау жүргізіледі Оқушылар кестемен жұмыс жасайды	«Басбармақ» әдісімен бағалау  Дескриптор: - фонетика нені зерттейтінін 	интерактивті тақта Үлестірме қағаздар 

10 мин	<p style="text-align: center;">Дыбыстар П, Ч, В, Г, П, Л, М, Ш, Х, Ч, Ж, З, Д, У, Ц, К, Қ, Й, Л, Ш, С.</p>	тапсырманы орындайды	түсіндіреді; 26	А4 қағазына жазылған кесте
5 мин	<p style="text-align: center;">Қатаң Ұяң Үнді</p>	Оқушылар мәтінді оқып, адам өміріндегі фонетика саласының маңызы туралы әңгімелейді.	- дыбыстар нешіге бөлінетінін атайды; 26	Жұмыс дәптері
1 мин	<p>3-тапсырма. «Еркін микрофон» әдісі. Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырма.</p> <p>Фонетика - гректің «phone» сөзі «дыбыс» деген мағына береді. Фонетика ғылымы тілдің дыбыстық жүйесін зерттейді, яғни дыбыстардың жасалу, айтылу, естілу және буын, екпін, интонация мәселелерін қарастырады.</p> <p>Тапсырма сұрағы: Фонетика саласының адам өміріндегі маңызы қандай? Сергіту сәті.</p>	ЕББҚ оқушы функционалдық сауаттылық тапсырмасының сұрағына жауап береді.		Микрофон
7 мин	«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау: Қазақ әліпбиінің жасалу жолы туралы талқылау	Талдау әдісі бойынша тапсырма орындау	ҚБ: 1-10 балл	
Сабақтың соңы 5 мин	<p>Оқушы рефлексиясы: «Рефлекторлық экран» әдісі</p>  <p>Үй тапсырмасын беру.</p>			Сабаққа рефлексия жасайды



Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 2-сабақ




Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Фонема, әріп, дыбыс ұғымдары.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Тіл біліміндегі алфавит, фонема, әріп, дыбыс тәрізді терминдердің анықтамасымен таныстырып, оларды өзара ажырата білуге қалыптастыру.	
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады:</p>	

		<p>Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады</p> <p>Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>		
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
				
Сабақтың басы 5 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру <u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u>	Сәлемдеседі Психологиялық ахуал қалыптастыру ісіне қатысады.	Ауызша бағалау: қолдау	презентация
Сабақтың ортасы	Жаңа білім. Оқу мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар: 			
10 мин	1-тапсырма. Ж. Әріп пен дыбыстың бір-бірінен ерекшелігін сипатта. Венн диаграммасын толтырындар. 	Венн диаграммасын пайдалана отырып, тапсырманы жазып толтырады	Смайликтер арқылы бағалау 	презентация
3 мин	2-тапсырма. ТЖ. «Кітап – досың, ақылшың». Кі..ап оқу ар..ыл.. біл..мі...із ар..а..ы, с..з..ік қо..ы..ыз м..ла...ды, ой ..ріс..м..з да..ып, ру..а..и ба..лы..ым..з, шы...ар..ашыл..қ қаб..леті...з ар..ад... ЕББҚ оқушы (баяу қабылдайтын) тапсырмасы: Дәптермен жұмыс. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қой. Е...бек і... а... т..ті, Жалқауды... жа...ы тәтті.	Көп нүктенің орнын толтырып жазады	Дескриптор: - Әріпке анықтама береді; 2б -дыбысқа анықтама береді; 2б	үлестірме қағаздар 
12 мин	Ексе... егі..., ішерсі... тегі... Е...бек етсе... ері...бей, Тояды қар...ы... тіле...бей.			А4 қағазына жазылған кесте

1 мин	<p>Саралау: жеке қолдау.</p> <p>3-тапсырма. ЖЖ. «Фишбоун» әдісі. Фонема дегеніміз не? Фонемаларға қандай мысалдар келтіруге болады? Фонемалар неліктен маңызды?</p> <p>“Фишбоун” немесе “Балық қаңқасы”</p> 	Оқушылар фонеманың анықтамасын талдап, тапсырманы орындайды.	<p>ҚБ: «Бағдаршам»</p> 	Жұмыс дәптері
9 мин	<p>«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Сөзге дыбыстық-әріптік талдау қалай жасалады?</p>	Тапсырма орындау	ҚБ: 1-10 балл	
Сабактың соңы 5 мин	<p>Оқушы рефлексиясы: «Энергия қуаты» әдісі</p>  <p>Үй тапсырмасын беру.</p>	Сабакқа рефлексия жасайды.		

Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 3-сабақ

Бөлім:				
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна			
Күні:				
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақ тақырыбы	Дыбыстардың классификацияға бөлінуінің критерийлері.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Кез келген тілде дыбыстардың дауысты және дауыссыз деген екі үлкен топқа бөлінетіндігін, олардың бұндай түрлерге бөлінуінің басты себептерін саралап көрсету.			
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>			
Сабақ кезеңі / уақыт	<p>Педагогтің әрекеті</p> 	<p>Оқушының іс-әрекеті</p> 	Бағалау	Ресурстар








<p>Сабақтың басы</p> <p>5 мин</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u></p>	<p>Сәлемдеседі Психологиялық ахуал қалыптастыру ісіне қатысады.</p>	<p>Ауызша бағалау</p>	<p>жүрекше</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>10 мин</p>	<p>Жаңа білім. Оқу мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:</p>  <p>1-тапсырма. «Толықтыру тесті».</p> <p>1. Ауа өкпеден шыққан кезде кедергіге ұшырауынан жасалатын дыбыстарды-- -----дейміз.</p> <p>2. Дауыссыз дыбыстар түрлеріне мысалдар келтіріп жазыңдар.</p> <div data-bbox="480 965 847 1205" style="border: 1px solid black; padding: 5px; text-align: center;"> <p>дауыссыз дыбыстар түрлері</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Қатаң</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Ұяң</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Қысаң</div> </div> </div>	<p>Оқушылар жұптасып тапсырмаларды орындайды</p>	<p>«Бес жұлдыз» әдісі</p>  <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дауыссыз дыбыстар түрлерін атайды; 2б - дауысты дыбыстарға тән қасиеттерді атайды; 2б - дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттерді атайды; 2б 	<p>интерактивті тақта</p> <p>суреттер</p> 
<p>12 мин</p> <p>1 мин</p>	<p>2-тапсырма. Дауысты және дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттерді жаз.</p> <div data-bbox="400 1346 831 1570" style="border: 1px solid black; padding: 10px; text-align: center;"> <p>Дыбыстар</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="text-align: center;">↓</div> <div style="text-align: center;">↓</div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <p>Дауысты</p> <p>Дауыссыз</p> </div> </div> <p>3-тапсырма. Сөздерге тиісті дыбыстарды қойып, синоним сөздер жаз.</p> <p>Үл...ілі, е...еу, қай...р, пә...ер, қор...ақ, жо...ары, мейірі...сіз, м...йдан.</p> <p>Сергіту сәті.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Ұсынылған сөзге синоним сөз жазады</p>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дауысты дыбыстарға тән қасиеттерді атайды; 2б - дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттерді атайды; 2б 	<p>Жұмыс дәптері</p>
<p>7 мин</p>	<p>«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау: Тіл дыбыстарының артикуляциялық классификациясы. Артикуляция дегеніміз не?</p>	<p>Сұраққа жауап береді</p>	<p>Ауызша қолдау</p>	

Сабақтың соңы 5 мин	«SMS-хабарлама» әдісі  Үй тапсырмасы.	Кері байланыс орнатып, рефлексия жасайды.
------------------------	--	---

Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 4 –сабақ.




Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймағанбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Дауысты дыбыстар жүйесі, олардың тілдегі қызметі.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар туралы білімдерін еске түсіріп, дауыстылардың тілдегі атқаратын қызметін нақты мысалдар арқылы ашып көрсету.	
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>	





Сабақ кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	 <p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру Жұмыс ережесімен келісу</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u></p>	 <p>Сәлемдеседі</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру ісіне қатысады.</p>	Ауызша қолдау	Жүрекше
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа білім. Оқу мақсатын таныстыру. Күтілетін нәтижені анықтау. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:</p>  <p>1-тапсырма. Дауысты дыбыстың жасалу ерекшелігін</p>		ҚБ: 1-10 балл	

10 мин	<p>көрсетіңіз</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 20%;">1) Дауыстап айтуға келетін дыбыстар.</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 20%;">2) Ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстар.</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 20%;">3) Ауа өкпеден кедергісіз шығып, үн мен қоса салдыры бар дыбыстар.</div> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 20%;">4) Салдырдан жасалған дыбыстар.</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 20%;">5) Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстар.</div> </div>	Топтық талқылау жұмысын жүргізеді	Бағалау жасыл қалам 	интерактивті тақта
12 мин	<p>2-тапсырма. Дауысты дыбыстардың түрлерін кесте бойынша толтыру:</p> <div style="text-align: center;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 100px; margin: 0 auto;">Тілдің қатынасына қарай</div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 20px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 100px;">Жақтың қатынасына қарай</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 100px;">Еріннің қатынасына қарай</div> </div> </div> <p>3-тапсырма. «Даналық ағашы».</p> <div style="display: flex; align-items: center; justify-content: center;">  <div style="margin-left: 20px;"> <p>Ағаш жапырақтарына дауысты дыбыстың барлық қасиеті мен түрлерін жазып, іліп қояды. Сонан соң барлығы қайталап оқиды. Сергіту сәті.</p> </div> </div>	Сұрақтарға жауап береді	«Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалау 	үлестірме қағаздар  оқулық
1 мин		жұптасып берілген тапсырмаларды орындайды		
7 мин	«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау: Сөзге дыбыстық-әріптік талдау қалай жасалады?	Жұбымен талдайды.	Ауызша бағалау: қолдау	
Сабақтың соңы 5 мин	<p>Кері байланыс: “ Көңіл-күй құмырасы ”</p> <div style="border: 1px solid gray; padding: 5px; margin-bottom: 10px;"> <p style="text-align: center;">Рефлексия</p> <p style="text-align: center;">Көңіл- күй құмырасы:</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="text-align: center;"> көремет</div> <div style="text-align: center;"> жақсы</div> <div style="text-align: center;"> қанағаттанарлық</div> </div> </div> <p>Үй тапсырмасын беру.</p>			Сабаққа рефлексия жасайды

Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 5 –сабақ.

Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Жуан-жіңішке дауысты дыбыстар.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Жуан және жіңішке дыбыстар қатарымен таныстырып, олардың көбіне жұп құрап (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) келетіндігін, жуан-жіңішке дауыстылардың жасалу жолдарын, дыбысталу ерекшелігін таныстыру.	
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>	

Сабақ кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар						
Сабақтың басы 5 мин	 <p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру Жұмыс ережесімен келісу</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u></p>	 <p>Сәлемдеседі</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру ісіне қатысады.</p>	Ауызша бағалау: қолдау	Жүрекше						
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа білім. Оқу мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:</p>  <p>1-тапсырма. Жуан-жіңішке дауыстылар араласып келген сөзді табыңыз:</p> <table border="1"> <tr> <td>Біз айына бір рет мұз айдынына барамыз</td> <td>Қыз қағаздың бетіне шимайлап жазды</td> <td>Оның киімдері шкафта ілініп тұр</td> </tr> <tr> <td>Партаның үстінде екі</td> <td>Кеше Розаның есеп беру</td> <td></td> </tr> </table>	Біз айына бір рет мұз айдынына барамыз	Қыз қағаздың бетіне шимайлап жазды	Оның киімдері шкафта ілініп тұр	Партаның үстінде екі	Кеше Розаның есеп беру				Презентация
Біз айына бір рет мұз айдынына барамыз	Қыз қағаздың бетіне шимайлап жазды	Оның киімдері шкафта ілініп тұр								
Партаның үстінде екі	Кеше Розаның есеп беру									
10 мин		Оқушылар жұптасып	«Бес жұлдыз» әдісі							

	<div style="display: flex; justify-content: space-between;"> <div style="background-color: #f08080; padding: 2px;">дәптер жатыр</div> <div style="background-color: #add8e6; padding: 2px;">концерті болды</div> </div> <p>2-тапсырма. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды бір-бірінен ажырата аласыңдар ма? Оларды ата:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>«У» дыбысы қандай дыбыс? Қай кезде жуан, қай кезде жіңішке айтылады? _____</p> <p>_____</p> <p>3-тапсырма. Дәптермен жұмыс. Көшіріп жазып, жуан-жіңішке дауысты сөздердің астын сызыңдар.</p> <div style="text-align: center;">  <p>Ішіне тамақ салынған, Есігі тастай жабылған</p> </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;"> <div style="text-align: center;">  <p>Қамыс құлақ, тостаған тұяқ, Мінсең - қанат, ішсең дәрі, Еті тамақ</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>Әкесі - тышқан, Шешесі - құстан</p> </div> </div>	<p>берілген тапсырмаларды орындайды</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Сұрақтарға нақты жауап береді</p> <p>Дәптерге қатесіз жазады</p>	<p>Жұмыс дәптері</p> <p>КБ: Өзін-өзі бағалау</p> <p>стикерлер</p>
12 мин			
1 мин	<p>Сергіту сәті.</p>		
7 мин	<p>«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Қазақ тіліндегі жіңішке дауысты дыбыстардың саны?</p>		Ауызша қолдау
Сабақтың соңы 5 мин	<p>Кері байланыс: “Блок ортасында бағалау ” Үй тапсырмасын беру.</p>		Сабаққа рефлексия жасайды.


Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 6 –сабақ.








Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Жуан-жіңішке дауысты дыбыстар.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Жуан және жіңішке дыбыстар қатарымен таныстырып, олардың көбіне жұп құрап (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) келетіндігін, жуан-жіңішке дауыстылардың жасалу жолдарын, дыбысталу ерекшелігін таныстыру.	
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады:</p>	

1 мин	<p>А) Оқырман, кітап, арман. В) Уайымшыл, дәптер, өрік. С) Ұстаз, орман, жолаушы. D) Көкірек, дәрі, дәріхана. E) Сынақ, мейіз, тырна.</p> <p>Бірыңғай жіңішке дауыстылардан құралған сөздерді табындар.</p> <p>А) Сенім, алмұрт, сәлем. В) қағаз, кітап, шопан. С) Мінез, күмән, күнә. D) Көңіл, жүрек, білім. E) Мейрам, желек, қадір.</p> <p>3-тапсырма. Дәптермен жұмыс. Мақалдардың мағынасын түсініп, көшіріп жаз. Бірыңғай жуан немесе жіңішке екенін айт.</p> <p>1) Атадан мал қалғанша, тал қалсын. 2) Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен.</p> <p>Сергіту сәті.</p>	Тапсырманы мұқият оқып, толықтырып жазады	«Жұлдыз ша жинау» әдісі 	Үлестірме қағаздар  стикерлер
7 мин	«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Қазақ тіліне тән дыбыстар саны?		Ауызша бағалау	
Сабақтың соңы 5 мин	Кері байланыс: “Блок ортасында бағалау ” Үй тапсырмасын беру.			Сабаққа рефлексия жасайды.


Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 7 –сабақ.

Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Ақмарал Сапарбековна, Аймағанбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Еріндік-езулік дауысты дыбыстар.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Еріндік-езулік дыбыстарды білудің маңызын түсіндіру, сөйлеу барысында дыбыстарды анық айтуға қалыптастыру.	
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>	

Сабақ кезеңі уақыт	Педагогтің әрекеті 	Оқушының іс-әрекеті 	Бағалау	Ресурстар
---------------------------	--	--	----------------	------------------

<p>Сабақтың басы 5 мин</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру Жұмыс ережесімен келісу</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u></p>	<p>Сәлемдеседі</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру ісіне қатысады.</p>	<p>Ауызша қолдау</p>	<p>Жүрекше</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Жаңа білім. Оқу мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:</p>  <p>1-тапсырма. Венн диаграммасын пайдалана отырып, еріндік пен езуліктің айырмашылығын түсіндіріп, дәлелдеп беру.</p>			<p>Презентация</p>
<p>10 мин</p>	 <p>2-тапсырма. Еріндік, езулік дыбыстар араласып келген сөзді табыңыз.</p>	<p>Сұрақтар бойынша топтық талқылау жүргізіліп, өз ойларын ортаға салады</p>	<p>«Сұрақ конверті» әдісі</p> 	
<p>12 мин</p>	 <p>3-тапсырма. Еріндік дауыстыларды табыңыз:</p>	<p>Берілген терминдерге анықтама жазады</p>		<p>Үлестірме қағаздар</p> 
<p>1 мин</p>	 <p>Сергіту сәті.</p>	<p>Стрелка қою арқылы дұрыс жауапты сәйкестендіреді</p>		<p>кесте</p>












7 мин	«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Не себептен мына дауысты дыбыстарды еріндік дауысты дыбыстар дейміз? о,ө,у,ұ,ү		Ауызша қолдау	
-------	---	--	---------------	--


Сабақтың соңы 5 мин	Кері байланыс: “Insert- түртіп алу”  Үй тапсырмасын беру.	Сабаққа рефлексия жасайды
------------------------	--	---------------------------




Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 8 –сабақ.

Бөлім:			
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймағанбетова Қаракөз Когабаевна		
Күні:			
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақ тақырыбы	Еріндік-езулік дауысты дыбыстар.		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Еріндік-езулік дыбыстарды білудің маңызын түсіндіру, сөйлеу барысында дыбыстарды анық айтуға қалыптастыру.		
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>		

Сабақ кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	 <p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру Жұмыс ережесімен келісу</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u></p>	 <p>Сәлемдеседі</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру ісіне қатысады.</p>	Ауызша қолдау	Жүрекше
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа білім. Оқу мақсатымен таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:</p>			




10 мин	<p>1-тапсырма. ТЖ. «Кім шапшаң».</p> 	Сұрақтар бойынша топтық талқылау жүргізіледі.	«Сұрақ конверті» әдісі 	Презентация						
12 мин	<p>2-тапсырма. Еріндік дауыстылардың қатарын табыңыз:</p> <table border="1" data-bbox="422 772 853 1030"> <tr> <td>1. а, о, ұ, у, ы</td> <td>2. а, ә, о, ө, е</td> </tr> <tr> <td>3. ы, і, и, ұ, ү</td> <td>4. о, ө, ұ, ү, у</td> </tr> </table>	1. а, о, ұ, у, ы	2. а, ә, о, ө, е	3. ы, і, и, ұ, ү	4. о, ө, ұ, ү, у	Стрелка қою арқылы дұрыс жауапты сәйкестендіреді	ҚБ «Үш шапалақ әдісі» арқылы бағалау	кесте		
1. а, о, ұ, у, ы	2. а, ә, о, ө, е									
3. ы, і, и, ұ, ү	4. о, ө, ұ, ү, у									
1 мин	<p>3-тапсырма. Еріндіктен басталып тұрған сөзді тап:</p> <table border="1" data-bbox="391 1131 885 1433"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>а) Әтеш</td> <td>ә) Айна</td> <td>б) Өрік</td> </tr> </table> <p>Сергіту сәті.</p>				а) Әтеш	ә) Айна	б) Өрік	Сұрақтарға толық жауап береді	ҚБ «Үш шапалақ әдісі» арқылы бағалау	оқулық
										
а) Әтеш	ә) Айна	б) Өрік								
7 мин	«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Дауыстылардың тілдің қатысына қарай жіктелуі?		Ауызша қолдау							


Сабақтың соңы 5 мин	<p>Кері байланыс: “Insert- түртіп алу”</p>  <p>Үй тапсырмасын беру.</p>	Сабаққа рефлексия жасайды
------------------------	---	---------------------------

12 мин	 <p>2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Мәтіннен ашық және қысаң дауысты дыбыстарды теріп жазыңдар.</p>  <p><i>Менің бір жолдасым бар. Қайда барсам, қасымнан қалмайды. Менсіз ешқайда бармайды. Тұрсам тұрады, жүрсем жүреді, жүгірсем жүгіреді, жатсам жатады, жазсам жазады.</i></p> <p>3-тапсырма. Топтық жұмыс.</p>  <p>1-топ. "Ашық дауыстылар" тобы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ашық дауыстылар туралы түсіндіреді. • Мысал келтіреді. <p>2-топ. "Қысаң дауыстылар" тобы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қысаң дауыстылар туралы түсіндіреді. • Мысал келтіреді. 	Мәтіннен дауысты дыбыстарды түрлеріне қарай теріп жазады	Сұрақтарға нақты жауап береді	Флипчарт, маркерлер
1 мин	Сызба нұсқаны толтырады	Сызба нұсқаны толтырады	ҚБ «Үш шапалақ әдісі»	Жұмыс дәптері
7 мин	Сергіту сәті. «Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Фонетика саласының маңызы қандай?		Ауызша қолдау	
Сабақтың соңы 5 мин	Кері байланыс: "Оқушылар сұрақ құрастырады"			Сабаққа рефлексия жасайды

Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 10 –сабақ.




Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймаганбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Ашық-қысаң дауысты дыбыстар.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Ашық-қысаң дауысты дыбыстарды меңгертуге арналған жаттығу жұмыстарын жазғызу.	
Сабақ мақсаты:	<p>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Қазақ тілінің тілдік дыбыстық жүйесін меңгереді.</p> <p>Оқушылардың көбі мынаны орындай алады: Үндестік заңын, дауысты, дауыссыз дыбыстардың тілдегі қызметін меңгеріп, сөздерді түрлендіруде, мәтін жазуда дыбыс үндестігі, буын үндестігі заңдылықтарын сақтай білуді үйренеді.</p> <p>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады Тақырып бойынша қосымша ізденісте болады.</p>	

Сабақ кезеңі / уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	 <p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, сыныптағы оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру Жұмыс ережесімен келісу</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u></p>	 <p>Сәлемдеседі</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптас-тыру ісіне қатысады.</p>	Ауызша қолдау	Жүрекше
Сабақтың ортасы 10 мин	<p>Жаңа білім. Оқу мақсатын таныстыру. Жаңа сабақты түсіндіру. Тапсырмалар:</p> <p>1-тапсырма. Төмендегі сөздерді екі топқа бөліп жазып, ол сөздермен сөйлем құра.</p> <div style="border: 1px solid gray; padding: 5px; margin-bottom: 5px;"> <p>Ымырт, инабатты, айнала, жүген, тор, өнер, жаңалық, іскер, ұрпақ, білімді.</p> </div> <div style="display: flex; align-items: center; margin-bottom: 5px;"> <div style="border: 1px solid gray; padding: 2px; margin-right: 5px;">Ашық</div> <div style="border: 1px solid gray; padding: 5px; flex-grow: 1; text-align: center;">...</div> </div> <div style="display: flex; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid gray; padding: 2px; margin-right: 5px;">қысаң</div> <div style="border: 1px solid gray; padding: 5px; flex-grow: 1; text-align: center;">...</div> </div> <p>2-тапсырма. Қай сөз ашық дауыстыдан басталып тұрғанын белгіле.</p> <p>1. Шаңғы</p>	<p>Оқушылар жұптасып тапсырмалар орындайды</p>	<p>Бағалау жасыл қалам</p> 	интерактивті тақта

12 мин	<p>2. Оқушы 3. Сағат 4. Мылтық Тек ашық дауыстыдан басталып тұрған сөзді тап:</p>  <p>А) сәбіз Ә) алмұрт Б) козы 3-тапсырма. Жұмбақтарды шешіп, қысаң дауыстылардың астын сызыңдар.</p> <p>1) Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты.</p> <p>• _____ ?</p> <p>2) Тұмсығымен ояды, Ағаш құртын жояды.</p> <p>• _____ ?</p>	Дұрыс жауабын табады		Таратпа материалдар
1 мин	Сергіту сәті.	Сұрақтарға нақты жауап береді	ҚБ «Үш шапалақ әдісі»	Жұмыс дәптері
7 мин	«Талдау» әдісі арқылы тапсырмаларды орындау. Ашық, қысаң дауыстылардың қандай өзіне тән белгілері бар?		Ауызша қолдау	
Сабақтың соңы 5 мин	Кері байланыс: “Оқушылар сұрақ құрастырады”  Үй тапсырмасын беру.			Сабаққа рефлексия жасайды

Дыбыстық жүйені меңгерту - сауаттылық кепілі 11 –сабақ.

Бөлім:		
Мұғалімнің аты-жөні:	Паримбетова Акмарал Сапарбековна, Аймағанбетова Қаракөз Когабаевна	
Күні:		
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттер.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Дауыссыз дыбыстардың тілдегі атқаратын қызметімен таныстыру, дауыссыз дыбыстарға тән қасиеттерді көрсету.	
